



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

самостоятельно формировать отчетность, отследить порядок действий, возможность вести карту гостя с его пожеланиями, удобную систему бронирования, большое количество различных модулей. К недостаткам относят длительность полного освоения (около 1,5-2 месяцев). Также в качестве возможного недостатка работники отметили и то, что программа имеет англоязычный интерфейс, и для людей, не знающих английский язык, это может вызвать определенные трудности. Однако все сотрудники, в настоящее время работающие с программой, хорошо владеют английским языком, поэтому лично для них это не является недостатком.

Таким образом, можно сделать вывод, что, несмотря на то, что Opera Enterprise Solution не является отечественным продуктом, она достаточно хорошо адаптирована к российским условиям ведения гостиничного бизнеса и дальнейшее распространение программного комплекса имеет хорошие перспективы в России.

Список использованных источников

1. Козлов Д.А. Автоматизация гостиничного предприятия. Fidelio Front Office v.7: Учебное пособие. Изд. 2-е доп. и перераб. - М.: 2013. - 262 с.
2. Официальный сайт компании Hospitality&RetailSystems [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.hrs.ru/products/opera-enterprise-solution>. (дата обращения 14.03.15).
3. Официальный сайт гостиницы Ibis Sibir [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.ibis-sibir-omsk.com>. (дата обращения 14.03.15).
4. Официальный сайт гостиницы «Турист». [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.tourist-omsk.ru>. (дата обращения 14.03.15).

ӨОЖ 330.125.6

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ

Габдуллина Лимара Қанатқызы

limashok@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Жолманова

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесінің отырысында халыққа жолдауын жария етіп, жолдау аясында «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа экономикалық саясаттың жүргізілетінін мәлім етті. Мемлекет басшысы осы жолдауында : «Туризм үшін инфрақұрылым - жеке бағыт. Оның басты басымдығы жұмыс орындары санын көптеп құру мүмкіндігі болып табылады. Мұнда бір жұмыс орнын құру өнеркәсіпке қарағанда 10 есе арзанға түседі» - деп, тағы да туризмді тиімді сала ретінде елімізде дамыту қажеттілігін атап көрсетті [1]. Туризм Қазақстан Республикасының экономикасының шикізаттық емес салада дамытудың бірден бір көзі, алайда елімізде ішкі туризм мен кіру туризмінің үлесі ЖІӨ-нің тек қана 0,3 %-ын ғана алып, даму деңгейінің төмен дәрежеде екендігін көрсетіп отыр. Көптеген отандық және халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстан туризмді дамуы бойынша өз мүмкіндіктерін қолдана алмай отыр, егер оны ары қарай жетілдіретін болсақ, әлемдік тәжірибеден байқағанымыздай, туристік индустрия ең кірісті саласы бола алады.

Қазақстандағы туризмнің басты мақсаты - заманауи жоғары деңгейдегі бәсекеге сай туристік индустрия, экономика саласының дамуына әлемдік туризм жүйесіне ену және болашақтағы туризм саласында халықаралық ынтымақтастықта бола отырып, өз өнімдерін шетелдік туристерді тарту.

Қазақстан салыстырмалы түрде жас және дамушы мемлекет, Кеңес Одағы тұсында туризм саласына мүлдем көңіл бөлінбей, тек қана шикізт көзі ретінде қарастырылып келді.

Дегенмен тәуелсіздік алғалы аз да болса, туризм саласын дамыту үшін бірнеше бағдарламалар жасалды, арнайы органдар құрылды, талай халықаралық көрмеде өз өнімдерін ұсынды, елімізде турагенттіктер мен туроператорлар өзара еркін бәсекелестік жағдайында қызмет етіп, олардың сандары жылдан-жылға артып келеді, сондай-ақ еліміздің басты қалаларында 3-4 жұлдызды қонақ үйлермен қатар, халықаралық қонақ үй желілері де ашылып жатыр. Ал енді статистикалық мәліметтерге келетін болсақ, Қазақстан Республикасының 2013 жылдың бірінші қорытындысы бойынша қызмет көрсетілгендердің саны 4164,9 мың адам, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 27,1% көп. Сонымен қатар елге келушілер туризмі 21,6%- 1063,6 мың адамға, ішкі туризмдегі келушілердің саны 33,3% - 1254,8 мың адамға көбейген. Бірақ біз мұнымен туризм сферасында жоғары деңгейге және жоғары көрсеткішке жеттік деп айта алмаймыз. Елге келушілер туризмі бұрынғысынша баяу дамуда, соның соңы бір қатар теріс салдарына әкеліп соғуда. Шығу туризмі өз тарапынан көзге көрінбейтін импорт іспеттес. Қазақстандық туристер өз капиталын өзге елдерге тастап кетуде. Бір туристің шығыны он жұмыс орнына тепе-тең, бірақ біздің елімізде мұндай көрсеткішке әлі де жете қойған жоқ[2].

Қазақстан Үкіметі экономиканың бірі туризмнің дамуына үлкен үлес қосуда. Қазақстан Республикасы туризмді дамыту мемлекеттік бағдарламасы халықты жұмыспен қамту үшін, мемлекеттегі тұрақты табыс өсімін шығу және ішкі туризм көлемінің ұлғаюы арқылы бәсекеге қабілетті туристік индустрияны құру көзделіп отыр. Қазақстанның әр аймағының өзінің тарихы қалыптасқан мәдениеті мен табиғи-географиялық жағдайына байланысты әр аймақ өзіндік ерекшеліктерге ие. Елміздегі дамытуға әлеуеті бар перспективалы бағыты бұл Қазақстанға қызығушылық танытып отырған келесідей (1 кесте) әр аймақтың өзіне тән ерекшеліктері бар.

Кесте 1-Қазақстан аймақтарындағы туризмнің түрлері.

Аймақтар	Туризм түрлері
Оңтүстік Қазақстан	Экологиялық туризм, жаяу туризм, велотуризм, тарихи-танымдық туризм, экскурсиялық туризм.
Солтүстік Қазақстан	Экологиялық туризм, шаңғы туризмі, жаяу, экскурсиялық туризм
Орталық қазақстан	Экологиялық туризм, су туризмі, спелотуризм, тарихи-танымдық туризм, экскурсиялық туризм
Шығыс Қазақстан	Экологиялық туризм, тарихи-танымдық туризм, экскурсиялық туризм, тау туризмі, шаңғы туризмі
Батыс Қазақстан	Экологиялық туризм, қажылық, жаяу, туризм, экскурсиялық туризм,

Соның ішінде Шығыс Қазақстандағы туризмнің дамуына тоқталайық. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында соның ішінде Шығыс Қазақстанда туризмнің барлық түрлері бар. Туристік кластерді дамыту аясында туризмнің іскерлік, экологиялық, мәдени-танымдылық, экстремалдық түрлері анықталып басым бағытқа бағытталған.

Шығыс Қазақстан ішкі туризммен қоса халықаралық елге келушілер туризмін дамытуға бірегей ресурсы бар аймақ. Шығыс Қазақстанда туризмді дамыту арқылы келесідей нәтижелерге қол жеткізе аламыз:

- Экономиканың жоғары қарқынды дамуы;
- инвестициялық тартымдылық;
- геопотологиялық және географиялық жағдайдың тиімділігі;
- транспорттық қажеттілік;
- ойын-сауық индустриясы;
- табиғи- климаттық қолайлы жағдайлар;
- тарихи және мәдени мұралар байлығы;
- қонақжайлылықтың ғасырлық дәстүрі;
- туристік индустрияға кәсіби тауарларды дайындау білім мекемелерінің болуы.

Шығыс Қазақстан облысы территориясында тарихи және мәдени ескерткіштер, 627 архитектура ескерткіштері, сонымен қоса 15 республикалық маңызға ие ескерткіштер мемлекеттік қорғауға алынған және тарихи-мәдени мұражай-қорықтар мәдени-танымдылық туризмнің қалыптастырушы өзегі болып табылады. Қазақстан Республикасының туристік индустрияның болашақ бағытын дамыту бағдарламасында аймақтық картаға енген Алакөл көлінің жағасына қонақ үй кешені, «Нұртау» тау шаңғысы базасын қайта жөндеу, «Алтай Альпісі» тау шаңғысы базасын жаңғырту мәселелерін көздеп отыр.

Шығыс Қазақстанның негізгі танымал туристік рекреациялық зоналары: Солтүстік – Шығыста (Белухинская), Шығыс (Марқакөл көлі), Орталық (Өскемен қаласы, Бұқтырма жағалауы, Солтүстік (Риддер қаласы), Батыс (Семей қаласы), Оңтүстік (Алакөл көлі).

Осы аймақтарда Оңтүстік Алтайдың көптеген ТМД елдері туристерімен ғана емес алыс шетел туристерін таңдандыруда. Экотуризмді дамытуға мүмкіндік беретін облыс аймағында 14 айрықша қорғалатын қорықтар бар.

Туристік қызмет көрсетуде құқылы лицензиясы бар туристік қызмет көрсетуші жеке кәсіпкерлер және 112 туристік ұйымдар бар. Қолданыстағы туристік фирмалар мен орналасқан нысандардың басым көпшілігі Өскемен қаласында - 88, Семей қаласында - 54, Ұржар ауданында - 85, Зырянда - 27 орналасқан [3].

Жоғарыда айтылғандардан Шығыс Қазақстанда алғышартқа бәсекеге қабілетті Қазақстандық және халықаралық базаларда кешенді туристік азық-түлік соның ішінде: табиғи-климаттық жағдайлар, су және бальнеологиялық қамбалардың бары, ландшафты-рекреациялық әлеует, сондай-ақ тұрмыстық тарихи-мәдени мұра, бірегей мұражайлардың кешендері ұзақ мерзімді болашақта туризмді дамытуға негіз бола алады.

Қолда бар әлеуетті іске асыру жағдайда жүйелі қарастыру кезінде келесідей мәселелер анықталды:

- Әкімшілік кедергілер (шекара аумағына кіру туралы құжаттардың ұзаққа созылуы, шетел туристерін тіркеудің ұзаққа созылуы);
- туристік азық-түліктердің халықаралық базаларда тиімсіз өрлеуі;
- тиімсіз қаржыландыру;
- халықаралық талаптарға сай туристік инфраструктуралық жоқтығы соның ішінде көлік жолдарының жағдайы, коммуникацияның болмағандығы;
- ішкі сала мен ведомствалық қызметтің инфрақұрылымдық туризмді дамыту мәселесі бойынша үйлесімнің болмағандығы;
- шетел тілін меңгерген экскурсоводтардың және квалификациясы бар мамандардың тапшылығы;

Бірақ экотуризмнің дамуының да бірқатар кедергілері бар. Бұл экотуристерге арналған демалыс орнының құрылысы. Осы құрылыс ұлттық сабақтар мен қорықтарға нұсқан келтіруі мүмкін. Бір жағынан экотуристік қызметтен түсім көріп жатқан тұрғындар өз жерлерінің экологиялық жағдайын сақтап қалуға тырысады.

Ішкі туристік нарықтағы қарым-қатынаста Шығыс Қазақстанның болашағы зор. Бүгінгі күнде ішкі туризм негізінен ұйымдаспаған жүйе болып саналады. Елімізде туризмнің дамуына көңіл бөлінбегендіктен мемлекеттік бюджетке қаржылай ақша түспейді.

Оқушыларға, жастарға, зейнеткерлерге, мүгедектерге, соғыс және еңбек ардагерлерінен басқа да азаматтардың саясатқа баруына жағдай жасау мақсатында әлеуметтік туризмді дамытуға еліміздің экономикалық әлеуеті жоғары.

Әлеуметтік саласында қызмет етушілер мемлекеттік және басқару органдарымен шағын бизнес мекемелерін қолдау тәжірибесі жалғастырылуы тиіс. Қайырымдылық және демеушілік жасаушыларды ынталандырып отыруы тиіс. Шығыс Қазақстанда халықаралық туризмді дамыту келешегі жоғары екендігін атап кетуге болады, бірақ халықаралық деңгейдегі туризмді ұйымдастыру үшін тек қазіргі өзекті проблемалар шешілген жағдайда ғана. Еліміздегі туризмнің ұлттық және ішкі экономика қауіпсіздігі, сонымен қатар, шетел туристерінің Қазақстанда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету бүгінгі күнге дейін қарастырылған.

Туризм саласын дамытудағы кейбір мәселелерді шешуде ең басты сұрақтардың бірі қаржыландыру мәселесі:

- мемлекеттік және жеке менеджменттің сәйкес деңгейін қамтамасыз ету;
- орталық және аймақтық биліктің деңгейлерін нақты координациялық іс-әрекеттерін қамтамасыз ету;
- жеке меншік бастаманы дамытуға қолғабыс ету;
- қазақстанның туристік азық-түліктерге сыртқы және ішкі нарыққа шығарудың тиімді жүйесін жасау;
- салық төлеу сұрақтары бойынша қаржы жұмсау, қажетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

- шет елдік туристердің Қазақстанға шығу шараларын жеңілдету;

- Ақпараттық кеңестік салаларын қалыптастыру;

Шығыс Қазақстанның туризм саласын дамытуға арналған ұсыныстар:

- Ауданның экономикалық жағдайын дамыту;
- Мемлекет тарапынан инвестицияның бөлінуі;
- Жол және көлік жүйесін дамыту;
- Туристік индустрияға кәсіби тауарларды дайындау білім мекемелерін жетілдіру
- Ауданның рекреациялық-сауықтыру зоналарын дамыту;
- Шағын және орта бизнесті дамыту;
- Жарнама саласын дамыту;
- Қызмет көрсету жүйесін жетілдіру;
- Шетел тілін меңгерген экскурсоводтарың және квалификациясы бар мамандарды дайындау.

Қорытындылай келе, Шығыс Қазақстан аймағы туризм саласында дамытуда әлеуетті мүмкіндіктері жетерлік. Бұл өңірде тарихи экскурсиялар ұйымдастыру үшін тарихи- мәдени объектілер, сауықтыру-рекреациялық мақсатта емделушілер үшін санитарлық және емдік туризм түрлері бойынша да қызметтер ұсынылады, сонымен бірге табиғатқа тау, жаяу, шаңғы туризмі секілді саяхат түрлері де дамыған.

Қолданылған әдебиет

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы. [Электрондық ресурс].- кіру тәртібі:http://akorda.kz/ru/page/page_218338_poslanie-glavy-gosudarstva-narodu-kazakhstan
2. Қазақстан Республикасының Статистика комитетінің ресми сайты [Электрондық ресурс].- кіру тәртібі: <http://www.stat.gov.kz>
3. Шығыс Қазақстан облысына саяхат.[Электрондық ресурс].- кіру тәртібі:<http://visitkazakhstan.kz/kk/guide/tours/5/0/>

УДК 339.9.012

ВИЗОВЫЕ ФОРМАЛЬНОСТИ КАК БАРЬЕР РАЗВИТИЯ ВЪЕЗДНОГО ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Дарешева Диляра Муктапқызы

E-mail: dilyara_1996@mail.ru

Студент ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, г.Астана, Казахстан

Научный руководитель – Шаимова А.Н.

Всем людям нравится путешествовать. Каждому из нас хочется хоть раз в своей жизни побывать за границей, увидеть другие города, соседние страны. Но как известно, без визы здесь не обойтись, а получить ее не так просто.

Чтобы получить визу, иностранные граждане должны обратиться в